

P 2009
1649k

ТІЛЕУҒАЗЫ
БЕЙСЕМБЕК

Шалкыма

Айрағазы

ан кештєрї

ТІЛЕУҒАЗЫ БЕЙСЕМБЕК

АРҚАДАҒЫ ӘН КЕШТЕРІ

Қазақ Ғылым академиялық
кітапхана ұжымына

автордан Тілеуғазы
01.04.09

Қарағанды – 2008

ББК 85.3

Б 38

Пікір жазған:

С.Тұрғынбек - Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
ақын

Б 38 Бейсембек Т. **Арқадағы** ән **кештері**: (Мақалалар жинағы).
- Қарағанды, 2009. - 127 бет

ISBN 978-601-7139-05-6

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, музыка зерттеушісі Тілеуғазы Бейсембектің бұл жинағы - кейінгі он жыл ішінде Арқа төсінде өткен ән кештері мен белгілі өнер шеберлері қатысқан концерттер мен фестивальдердің, облыстық мәдениет департаменті мен Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік өткізген мәдени шаралардың жылнамасы іспетті. Мұнда автордың өнер шеберлері мен ұжымдардың кәсіби шеберліктері, шетелдік музыка майталмандарының шығармашылық өмірбаяндары туралы газет бетінде жарияланған зерттеу, сыни мақалалары іріктеліп, топтастырылған. Кітап Арқа жерінің өнердегі жетістіктері, талғампаз көрермендері туралы мағлұмат береді.

ББК 85.3

4905000000

00(05)09

ISBN 978-601-7139-05-6

© Бейсембек Т., 2008



Е арыарқа жерін әнмен әдіптеп, күймен көмкеріп жүрген атақты әнші Қали Байжановтың атындағы концерттік бірлестіктің құрылуы облыс үшін елеулі оқиға болды. 1938 жылдың 6 наурызында Қарағанды облыстық атқару комитетінің алқасы Қарағандыда Қазақ филармониясын құру туралы қаулы шығарған екен. Алғашқы кезде филармония Қызылтулы қызыл әскерлердің ән және би ансамблінің үлгісімен құрылған. Оның құрамында 30 адамнан тұратын қазақтың ұлттық хоры, 20 адамнан - орыс хоры, ұлт аспаптар оркестрі (домбыра, қобыз, сыбызғы) - 20 адам және бишілер тобы – 10 адам, барлығы 80 адам болған. Филармонияға ел ішіндегі үздік орындаушыларды, сондай-ақ көркемөнерпаздар байқауларының жеңімпаздарын қабылдаған. Ол үшін Қарағанды, Балқаш, Қарқаралы, Ақмола қалаларында көркемөнерпаздар олимпиадаларын өткізген. Филармонияның жұмысы мен дайындықтарына Үлкен Михайловкадағы тау-кен техникумының клубы берілген. Жаңадан құрылған өнер ұжымының алғашқы көркемдік жетекшісі болып Борис Орлов тағайындалған. Ол бұл қызметті қосымша атқарған. Өйткені оның негізгі қызметі облыстық радиода болған ғой. Содан былай облыстық радионың қазақ хоры да, ондағы әншілер де филармонияға ауысқанға ұқсайды.

Алғашқыда бұл ұжымда Қазақ ССР-ның халық артистері Қали Байжанов, Жүсіпбек Елебеков, Нұғыман Әбішев, Рахия Қойшыбаева, Зәбира Жұбатова, Мағауия Хамзин, Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артистері Қуан Лекеров, Мағауия Көшкімбаев,

АРҚАДАҒЫ ӘН КЕШТЕРІ

Қайныкен Әлімбаева, Алтын Әлиева жұмыс істеді. Қ.Байжанов осы ұжымның қалыптасуына, өркендеп, өсуіне үлкен үлес қосты. Осында жүріп ол 1938 жылы Республиканың еңбек сіңірген артисі, ал 1945 жылы халық артисі атақтарын алды.

Ал 1945 жылдың 30 мамырында Қарағанды филармониясы Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының филиалы болып қайта құрылады. Сол кезде филармонияның директоры Стародубенко екен. Ұжым беделінің нығайып, оның өсуіне көп күш әрі ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсаған директорлардың бірі Петр Иосифович Яновицкий болды. Ол филармонияны 30 жылдан астам уақыт басқарды. Еңбегі бағаланып, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағына ие болды. Одан кейін филармонияға көркемсөз шебері Ян Михайлович Симановский басшылық етті. Біздің өлкемізде кәсіби әншілік өнерді өркендетуге және жас дарындарды тәрбиелеуге Саратов консерваториясының түлегі, Қазақ ССР-ның халық артисі, филармонияның алғашқы көркемдік жетекшісі Борис Александрович Орлов баға жетпес үлес қосты. Бір жылдары «Дос–Мұқасан» ансамблінің әншісі Нұртас Құсайынов және Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Бүкілодақтық конкурстың лауреаты, тамаша музыкант Бекболат Байсағатов филармонияның көркемдік жетекшісі болып істеді. Бас директордың орынбасары болған Галина Болеславовна Тригулова артистердің шығармашылық жағынан өсуіне ықпал етті. Нина Дмитриевна Бобровская концерттік бірлестіктің ұйымдастырушылық жұмыстары бойынша бас директордың орынбасары міндетін күні бүгінге дейін абыроймен атқарып келеді.

Филармонияда 50-жылдардың басында «Сарыарқа» ансамблі құрылды. Оның құрамында Қазыбай Ешімов, Ләйлә Қажымұратова, Жаңыл Қартабаева т.б. болды. Қ.Ешімов қоңыр дауысы (баритон) бар жақсы әнші болған. Ол 1936 жылы Мәскеудегі онкүндікке қатысып, «Тілеуқабак», «Назқоңыр», «Алқоңыр» әндерін айтып, Мәскеу халқын тәнті еткен. Алматының хореографиялық училищесін бітіріп келген биші Л.Қажымұратова екеуі отау құрып, өнер саласында бірге жүріп,

қызықты ғұмыр кешкен. Ләйлә апамыз қазір зейнет демалысында, немерелерін аялап отырған абзал әже.

А.Варламовтың басқаруындағы тұңғыш эстрадалық оркестр 1955 жылы қала өміріне үлкен жаңалық ала келді. Сол жылы Республикаға белгілі өнерпаз Ким Дон Нюрдің жетекшілік етуімен эстрадалық-цирк тобы өз жұмысын бастады. «Молодые голоса», «С песней по жизни», «Чудеса без чудес», «Веселый час» ансамбльдері қала өнеріне жаңа леп қосты. Э.Хеллер мен В.Гребечешников ұйымдастырған бір актердің театры да сонылығымен ерекшеленді.

Сондай-ақ Қазақ ССР-ның халық артисі З.Жұбатова мен Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі А.Әлиева жетекшілік еткен топтар аудандарға шығып, еңбекші халықты әнмен әлдилеп, күймен тербетті. Кейінірек ол топтарға әншілер Ақатай Көпбаев, Нұрсұлу Тәкенова, Мұқан Есіпов, биші Шора Әлішев, қобызшылар Шалғынбай Төлеубаев, Қарлығаш Әлмұқанова, домбырашы Тұңғышбай Игенбеков, баяншылар Василий Дворников, Александр Завьялов келіп қосылды.

Халықтық және эстрадалық өнерді бір арнаға түсіргеннен кейін классикалық музыканы көпшілік арасында кеңінен насихаттау керек болды. Осы мақсатпен 1956 жылы музыкалық лекторий өмірге қадам басты. Оның жұмысына музыкалық училищенің ұстаздары А.Галкина, В.Петлюк, Н.Дмитриенко, Н.Сигарева, т.б. белсене араласты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Д.Қасейінов студент кезінде лекторий құрамында Р.Штеренбергпен бірге облыс қалалары мен аудандарына шығып концерттер берді.

Кейінгі кезде «Мерей» атанған бұл ансамбльде И.Гракова, Э.Кичикян, Ж.Жараспаева, Б.Лропищан, О.Ярыгин, А.Герасимов, Халықаралық «Шабьт» фестивалінің Гран-При жүлдесінің иегері С.Мұсайын, республикалық конкурстардың лауреаты Е.Найманбай, Г.Иринева, В.Сосновий, Г.Жақыпбаева музыкалық лекторийдегі дәстүрді жалғастырып, ұжымды өрге сүйреп келді.

1956 жылы қала өнерінің көкжиегіне тағы бір ұжым көтерілді. Ол шекті аспаптар квартеті еді. Классикалық музыканы дәріптеуде оның үлесі зор болды. Ол республикалық конкурста лауреат атанды. Оның құрамында әр жылдары В.Роот,

АРҚАДАҒЫ ӘН КЕШТЕРІ

Г.Матафонов, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі А.Сапежников, О.Узинг, В.Якимов, В.Осокин, Ә.Кәгенов, А.Шульман, З.Дюскина, В.Алпеев жемісті еңбек етті.

60-жылдардан бастап аймақтық конкурстың лауреаты, пианиношы Руслана Штеренберг жеке концерттер беріп, классикалық аспаптық әуендер жанкүйерлерін әлемдік музыканың озық үлгілерімен сусындатып келді.

1968 жылы бүкіл Одақ бойынша тұңғыш неміс ансамблі «Фройндшафт» құрылды. Оның алғашқы жетекшісі Г.Шмальдің басқаруымен Ә. және М.Пеннер, М.Сакс, Г.Фот, апалы-сіңлілі Ваймер ансамбльдің өсуіне көп еңбек сіңірді. Кейінірек Н.Майсне, В.Задоя, Б.Бизюр, Жібек Жараспаева келіп, ансамбльдің қатарын көбейтті. Әр жылдары ансамбльді В.Кенинг, Э.Шмидт басқарып, елеулі үлес қосты.

70-жылдары сөз өнерінің майталмандары Ю.Каплан мен И.Чистов негізін қалаған «Қарағанды» эстрадалық ансамблі көрермендер көңілінен шығып, Республикалық конкурста лауреат атанды.

1971 жылы жан-жақтан келген өнерлі жастардан «Гәкку» ансамблі ұйымдасты. Оған Қарқаралының халық театрынан көркемсөз шебері Қажет Ғинаятова, эстрада студиясын бітірген Айбану Салықова, Төлеухан Тұтанов, Мәкен Мұқышева, Сарқыт Күзеуов, Хамит Көрікбаев, Айткүл Биғалиева, Қанат Құдайбергенов т.б. келіп, ансамбльдің шаңырағын көтерді. Қазір елімізге танымал өнер шеберлері Айткүл мен Қанат Құдайбергеновтер өнердегі алғашқы қадамдарын біздің қаламызда бастаған екен. Кейін Ә.Қашаубаев атындағы әншілер конкурсының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мейірхан Адамбеков ансамбльдің беделін көтеруге атсалысты.

Бір кездері дүрілдеп атағы шыққан «Гәкку» ансамблінің қазіргі мұрагері «Әуен» ансамблі деуге болады. 1995 жылы ансамбльді құруға атсалысып, оның алғаш шымылдығын ашқан Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Мақат Рымжанов еді. 1996 жылы ансамбль әншісі, марқұм И.Исмағамбетов Бірінші Халықаралық Ш.Қалдаяқов атындағы конкурста Гран-при жүлдесіне ие болды. Ансамбльдің құрамында Республикалық конкурстың лауреаты А.Нығызбаев, әншілердің

К.Байсейітова атындағы республикалық конкурсының, облыс әкімінің «Жыл әншісі» сыйлығының лауреаты Т.Ыдырысов, Халықаралық конкурстың, облыс әкімінің «Жыл әншісі» сыйлығының лауреаты М.Мұқажанова, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты Ж.Кемалов, Халықаралық және Республикалық конкурстардың лауреаты Е.Құжыманов, Монғол Республикасы өнеріне еңбегі сіңген Б.Машан мен Г.Әбілхан, дарынды әнші К.Жүнісов, Халықаралық конкурстың лауреаты, күйсандық шебері Г.Серкебаева, концерттерін көркемсөзбен әдіптейтін В.Садретдинова, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің дипломанты Г.Серікова, облыстық конкурстардың лауреаты Қ.Ыбышев, З.Жәкешова сынды өнерпаздар ән салып, көрермендерін қуанышқа бөледі.

Қазіргі кезде жұртшылықтың қошеметін иеленіп жүрген симфониялық оркестр 1983 жылы ұйымдасты. Оның маңызы ерекше болды. Бұл, біріншіден қаламызда күрделі музыканы ойнауға шеберлігі жететін еңселі, кәсіби музыканттар шоғырланған ұжым екенін байқатса, екіншіден, классикалық музыканы түсініп, тыңдай алатын көрермендер деңгейінің де өскенін көрсетті. Оркестрдің алғашқы дирижері Қазақстанның халық артисі Төлепберген Әбдірашев болды. Кейін оркестрдің қалыптасып, өсуіне дирижерлер Н.Клинов, В.Норец, С.Ферулев, П.Грибанов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қ.Ахметов көп еңбек сіңірді. Жас дирижер Алан Бөрібаев осы оркестрдің қамқорлығы арқасында дирижерлік мамандықтың қыры мен сырын ұғып, қазір әлемге танымал болып жүр. Оркестрдің концерттеріне белгілі өнер шеберлері А.Мұсақожаева, Ж.Әубәкірова, Г.Мырзабекова, Н.Үсенбаева, Ж.Бақтаева, Қ.Жұмакенов, Ж.Баспақова, т.б. шақырылды. Сондай-ақ жергілікті шеберлер Т.Передеро, В.Алпеев, Ж.Алдыханова, В.Чемов оркестрмен қосылып өнер көрсетті. Оркестр концерттерін жүргізуші Л.Гольская өзінің әсерлі әңгімесімен, жұмсақ үнімен тыңдаушыны баурап алады.

Балғындарды үлкен өнер жолына бағыттауда оркестр өнегелі істің бастаушысы бола білді. Жас дарындар Н.Қажығали, Ә.Абаханова, Ә.Батыров, Ю.Брусенцова, Ә.Әлпиев, О.Дүйсен, т.б.

оркестрмен сахнаға шығып, жұртшылықтың жылы лебізіне ие болды.

Қазіргі кезде оркестр бас дирижері Петр Грибановтың басшылығымен қазақ және шетел композиторларының симфониялық шығармаларымен көрермендеріне рухани азық сыйлай отырып, өзі де шеберлік шыңына өрлеу үстінде.

Оркестр бірнеше шет елдерде болып өнер көрсетті. Оның алғашқы шетелдік концерттерін ұйымдастыруға белгілі қоғам қайраткері Д.Қасейінов ықпал етті. Франция, Австрия, Швейцария сияқты классикалық музыка отанында болып, оркестр талғампаз өнер сүйер қауымды жоғары шеберлік деңгейімен тәнті етті. Биыл оркестр дирижер Айдар Торыбаевтың басқаруымен Испанияда болып, белгілі скрипкашы, Қазақстанның халық артисі Айман Мұсақожаевамен берген концерттері табысты өтті.

1988 жылы облыс өмірінде ерекше оқиға болды. 25 адамнан тұратын қазақ халық аспаптары оркестрі бас дирижері Дүйсен Үкібайдың басшылығымен шаңырақ көтерді. Екі жылдан соң оркестрге шертпе күйдің атасы, ұлы күйші Тәттімбеттің есімі берілді. Оркестрдің тұңғыш тұсауын кескен КСРО халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Шамғон Сағаддинұлы Қажығалиев болды. 1992 жылы ол оркестрді басқаруға шақырылды. Өзінің жартығасырлық бай тәжірибесін ол өзіне сеніп тапсырылған оркестрдің кәсіби мәдениеті мен орындаушылық шеберлігін көтеруге пайдаланды.

Маэстро аймақтың фольклорлық материалдарынан, қазақ, орыс және шетел классиктері мен ТМД және әлем елдері композиторларының шығармаларынан құрылған ерекше репертуар жасайтын өзінің жұмыс тұжырымдамасымен келді.

Осылай Республикам ыздың музыкалық тәжірибесінде тұңғыш рет «Абай» және «Қыз Жібек» операларының концерттік варианты қазақ оркестрінің сүйемелдеуімен сахнаға шықты.

Дирижерлер Д.Үкібай және Ә.Шоқанбаев ұлағатты ұстазы Ш.Қажығалиевтың ақыл-кеңесін жоғары бағалайды. Ш.Қажығалиев сияқты тәжірибелі ұстазбен бірге жұмыс істеу Д.Үкібайдың шығармашылық өсуіне ерекше ықпал етті. 2001 жылы ол Бірінші Республикалық Ш.Қажығалиев атындағы конкурста лауреат атанды. Ә.Шоқанбаев ұлы күйші Тәттімбеттің

және Байжігіт, Тоқа, Аққыз күйлерін өңдеп, оркестрге түсіруде үлкен жұмыс атқарып жүр.

Оркестр жетекшілері музыканттардың орындаушылық шеберліктерінің өсуіне және репертуардың кеңеюіне ерекше көңіл бөледі. Концерттік және ұстаздық репертуар таңдалғанда ансамбльдің үндестігін жақсарту, дыбыс күші мен бояуының алуан түрлілігі, шеберлік шыңдау және ансамбльдік дәлдік сияқты көркемдік мәселелерді шеше алатын мүмкіндіктері ескеріледі.

1991-1994 жылдары оркестрдің бас дирижері Қ.Сайжанов болды. Ол оркестрдің шығармашылық деңгейінің және орындаушылық шеберлігінің өсуіне өз үлесін қосты.

Кәсіби деңгейі биік қобызшы Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Республикалық Құрманғазы атындағы конкурстың лауреаты Ғайни Болтаева және майталман домбырашы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Республикалық Құрманғазы атындағы конкурстың лауреаты Болатхан Тәшімов оркестрдің өсуіне ықпал жасап келеді. Олар шығармашылық концерттерін өткізіп, шеберліктерін шыңдай түсуде.

Оркестр жетекшілері мен Ғ.Болтаева, Б.Тәшімов, Б.Смағұлов, Қ.Ғабделов, Е.Оспанханов, Ғ.Ажбағамбетов, М.Ыбыраева, С.Ізтілеуов, С.Рақымғалиева, Ж.Шайденова, Ж.Оспанова, М.Жақыпова, Ә.Құлғалиева, Н.Ыдырысов, Е.Құспанов, С.Құлғалиев, Е.Шәріпов т.б. дарынды музыканттардың арқасында оркестр республикамыздағы алдыңғы қатарлы ұжымдардың біріне айналды.

Оркестрдің шеберлік деңгейінің өсуіне арнайы шақырылған дирижерлер А.Мырзабеков, Ф.Мансуров, Ф.Садыков, А.Жайымов, Ж.Бегендіков, әншілер Н.Нүсіпжанов, М.Мұхамедқызы, Н.Үсенбаева, Ж.Бақтаева, Г.Хамзина, домбырашылар А.Үлкенбаева, Т.Шәмелов т.б. ерекше ықпал етті.

Оркестр АҚШ, Чехия мен Словакия, Иран, Ирак, Түрік, Оңтүстік Корея, Франция, Швеция, Швейцария, Өзбекстан, Түркменстан, Ресей елдерінде гастрольдік сапарда болып, өнер көрсетті. «Ресейдегі Қазақстан жылы» ауқымында Орынборда болып, Ресей жұртын өнерімен таңдандырды. «Отан» республикалық партиясы мен «Дегдар» республикалық

гуманитарлық қорының қолдауымен оркестр Батыс Қазақстан өңірін аралап келді.

Бүгінгі күні оркестрдің бас дирижері Ерлан Бақтыгерей. Ал көркемдік жетекшісі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дүйсен Үкібай Мемлекеттік Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің бас дирижері болса да, өзі құрған Тәттімбет оркестрінен қол үзген жоқ.

Концерттік бірлестіктегі жас ұжымдардың бірі - джаз оркестрі. Аз уақыт ішінде ол Ресейде өткен фестивальдің лауреаты атанып, джаз жанкүйерлері алдында абыройға бөленді. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Д.Қайроллинмен, күйсандық майталманы А.Пронинмен өткізген концерттерінде табысқа жеткен А.Севастьянов пен оркестр жетекшісі И.Андрейченконың өнері көрерменнің көз алдында.

«Аққу» ансамблі 1993 жылы ұлттық би өнерін насихаттау мақсатымен

құрылған болатын. Ансамбльдің көркемдік жетекшісі қызметіне шақырылған Республикалық эстрада өнері студиясының түлегі, дарынды хореограф Хорлан Мұқатова ансамбльге табысты жетекшілік етіп келді. Ол - республикадағы би жанры корифейлерінің бірі, «Гүлдер» ансамблінің жетекшісі Д.Қияқованың шәкірті. Х.Мұқатова бай, әрі сан салалы репертуары бар, шеберлігі жоғары, қалыптасқан ұжым құру үшін үлкен ұйымдастырушылық және шығармашылық жұмыстар атқарды. Көркемдік жетекшісінің талабының арқасында ансамбль республикадағы ең үздік би ұжымдарының біріне айналды.

Ансамбльдің бағдарламасын жасап, билерін қоюға белгілі балетмейстер, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ментай Тілеубаев көп көмек көрсетті. Әр жылдары ансамбль репертуарын кеңейту мақсатымен би қою үшін белгілі балетмейстерлер: Алматының «Самұрық» ансамблінің көркемдік жетекшісі Гүлнар Адамова, өзбектің «Лязги» ансамблінің көркемдік жетекшісі Зухра ханым, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, хореографтар одағының мүшесі, балетмейстер Тойған Ізім, т.б. шақырылды.

Ансамбльдің репертуарында әлем халықтарының билері бар. Оның биік орындаушылық шеберлігі, репертуар байлығы

Халықаралық «Шабьт» фестивалінде жоғары бағаланып, оған лауреат атағы берілді.

Ансамбль Германия (1994), Оңтүстік Корея (1995), Ирак (1995), Швейцария (2000), Франция (2001,2003), Түрік (2002), Швеция (2003) елдерінде зор табыспен өнер көрсетті. Осы жылдар ішінде ансамбль орындаушылық шеберлік пен кәсіби деңгейдің жоғары сатысына көтерілді. Қазіргі кезде ансамбльге Назгүл Әбілхан жетекшілік етеді.

«Арқа сазы» ансамблі - кейінгі жылдар жемісі. Құрылғанына аз уақыт өтсе де, ансамбль көрермендер жүрегінен лайықты орын алып отыр. Оның репертуарында негізінен көп орындала бермейтін халық әндері мен күйлері, жергілікті композиторлардың әндері бар. Ансамбль орындаушылық шеберлігін жауапты концерттерде шыңдап келеді. Ол Халықаралық «Шабьт» фестиваліне қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсетіп, лауреат атағына ие болды. Сол фестивальде ансамбль әншілері Динара Ахметжанова мен Зәуре Жәкешова лауреат атанды. Республикалық және облыстық конкурстардың лауреаты Д.Әркенов ұжымның беделін көтеруге өз үлесін қосып келеді. Ансамбль Германия мен Францияда болып, қазақ әуендеріне тыңдарманын тәнті етіп қайтты. Ансамбльдің директоры, қазіргі кезде бірлестіктің бас директорының орынбасары Ғазиз Ажбағамбетов пен көркемдік жетекшісі, дирижер Әбуғалисын Шоқанбаев ұжымның шеберлігін шыңдауға атсалысуда.

Кейінгі жылдары домбырашылардың «Жігер», ұрмалы аспаптардың «Шындауыл», қобызшылардың «Шағала» ансамбльдері, шекті аспаптар квартеті құрылды.

Биыл құрылғанына 70 жыл толып отырған, атақты әншінің атындағы концерттік бірлестік облыстағы мәдени шараларды өткізуге үздіксіз белсене атсалысып келеді. Жыл сайын өтетін дәстүрлі Халықаралық «Әуенді Сарыарқа» және кейінгі жылдары өткізіліп жүрген «Қарағанды - жастық шағымның қаласы» атты ретро фестивальдері кезінде, сондай-ақ шетелдік сапарларда бірлестіктің шығармашылық ұжымдары, домбыраның қос шегіне үн қосқан тамаша әншілері облысымызды, елімізді өрелі өнерімен әлемге танытып жүр. Өрісі кең өнер ордасының абыройыш

АРҚАДАҒЫ ӘН КЕШТЕРІ

асқақтатып, мерейін үстем етуге оның бас директоры Зейнолла Мейрамбековтың қосқан үлесі зор. Осындай еселі еңбегінің арқасында ол Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері құрметті атағына ие болды. Біраз уақыттан бері бірлестіктің бас директоры қызметіне Зейнолла Кәкуұлының орынбасары, болашағынан үлкен үміт күттіретін жігерлі басшы, білікті маман Талғат Ыдырысов тағайындалды.

(«Орталық Қазақстан» газеті, 6 желтоқсан 2003 ж. мақала толықтырылып, 2008 жылы қайта жазылды.)

Қазақтың музыка өнерінің дамуына елеулі үлес қосып жүрген өнер қайраткерлерінің бірі - белгілі дирижер, әрі композитор, Қазақстанның халық артисі Алдаберген Мырзабеков ағамыз. Ол музыкалық қабілеті жастайынан білінген, өнер үшін жаратылған жан десек, артық айтқандық емес. 1955 жылы ол Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясын үздік бітіріп, Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестріне дирижер болып орналасады. Бұл күндері 70-ке аяқ басқан ағамыздың 40 жылға таяу өмірі еліміздің бірінші әрі бірегей оркестрінің шығармашылығымен тығыз байланысты болды. Ол өзінің терең білімі мен күш-жігерін оркестрдің орындаушылық шеберлігін шындауға, оның репертуарын кеңейтуге жұмсады. Өз елімізде және шет елдерде концерттер беріп, классикалық туындылармен қатар, қазақ музыкасының інжу-маржандарын насихаттауға атсалысты.

Алдаберген ағамызды дирижер ретінде білмейтін адам кемде-кем. Ол ұшатын қаршығадай өз арыны, өз дарыны бар дирижер. Оның орындаған шығармалары тыңдаушының көңілінен шығып жататыны сондықтан. Алмастың көзге көрінбейтін қырлары болатыны сияқты, дирижер Мырзабековтің де көпшілік біле бермейтін сырлары көп. Соның бірі - Алдаберген ағамыздың оркестрге өңдеп түсіру шеберлігі. Бұл әрине,

дирижерлік өнердің бір қыры болғанымен, дирижердің бәрі бірдей осындай азабы мол, абыройы «шамалы» еңбекпен айналыса бермейді. Орыстың классикалық музыкасының атасы М.И.Глинка: «Музыканы шығаратын - халық, біз - композиторлар оны өндейміз» - деген екен. Ендеше, халық музыкасын оркестрге өңдеп жазу деген - үлкен білімділікті талап ететін өз алдына бір өнер.

1968–1971 жылдар аралығында ол Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінің бас дирижері және көркемдік жетекшісі болып істеді. Сол жылдары теледидар мен радиоға көптеген шығармалар жазылды. Алдаберген ағамыздың еңбекқорлығының арқасында оркестр репертуарына оның өзі өндеген 130-ға тарта шығармалары қосылған екен. Оның көбі халық күйлері мен әндері. Осы жерде Тәттімбет, Дәулеткерей, Сүгір күйлерін оркестрге өңдеп, ұлттық бояуын жоғалтпай, түрлі аспаптар тілімен мың құбылта сөйлеткен Алдаберген ағамыздың еңбегі зор екенін атап өткен жөн. «Алмас кездік қын түбінде жатпайды» - дейді халық даналығы. Ағамыздың осы партитуралары «Қоңырқаз» (1982) және «Көкейкесті» (1988) деген атпен «Өнер» баспасынан жинақ боп басылып шығып, көпшіліктің игілігіне айналды.

1962 жылы ол КСРО Мәдениет министрлігінің жолдауымен Монгол Халық Республикасына барып, Баян-Өлгей музыкалы драма театрының жетекшісі әрі бас дирижері болып еңбек етті. Алдекең сол жердегі қандастарымызға көп қуаныш, бақыт ала келді. Бір жылдың ішінде көп игілікті істер атқарды. Жергілікті автордың «Толбонордағы шайқас» деген спектакліне музыка жазды. Ол театрдың жұмысымен ғана айналысып қоюына болатын еді. Алайда алдына үлкен мақсат қойып, тұңғыш қазақтың халық аспаптар оркестрін құрып, үш концерттік бағдарлама дайындады. Бұл Баян-Өлгей қазақтарының рухани өміріндегі ерекше оқиға болды. Сол еңбегі ақталды да. Монгол Халық Республикасының Халықтық Ұлы Хуралы оны «Алтын жұлдыз» орденімен және Құрмет грамотасымен марапаттады.

Алдаберген ағаның ұстаздық қызметінің өзі бір тебе. Ол - Алматы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясының профессоры, композиция және оркестр дирижерлігі пәндерінен

АРҚАДАҒЫ ӘН КЕШТЕРІ

дәріс беретін ұлағатты ұстаз. Оның шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде өнер саласында еңбек етуде.

Жақын арада Қазақстанның халық артисі, Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі, дирижер Алдаберген Мырзабеков ағамыз қаламызға келіп, Тәттімбет атындағы халық аспаптар оркестрімен концерт береді. Концертте оның әйгілі бабамыз Кетбұғының «Ақсақ құлан - Жошы хан» күйінің негізінде оркестрге жазған поэм асы, Сүгірдің «Ыңғайтөк» күйі, т.б. классикалық шығармалар Қарағанды тыңдаушыларының алдында тұңғыш рет орындалады. Ғасыр соңында әйгілі дирижермен дидарласып, өнерін көру бір ғанибет болмақ.

(«Орталық Қазақстан» газеті, 27 қараша 1999 ж.)

Қарқаралыдан ғишқан соңыр қаз

1967 жылдың тамыз айы болатын. Жасыл желекке оранған Қарағанды музыка мектеп-интернатының ауласына тұлымы желкілдеген кішкентай қара қызды жетелеген жігіт ағасы келіп кірді. Алдынан бір шегір көз жігіт шығып: - «Сәлемалейкум,аға» - деп қазақша сәлем берді. «Уағалейкүм-іссәлем». Әділбек қолын ұсынып, Қарқаралының орыстары қазақшаға судай болушы еді, ауылдың жігіттерінің бірі емес пе - дегендей бетіне үңіле қарап:

- Бауырым, Қарқаралыдансың ба? - деп сұрады.

- Жоқ, аға, сізге кім керек? - деп жымияды анау.

- Маған интернаттың директоры керек еді.

- Онда жүріңіз, - деп әлгі жігіт ішке бастады. Сол бетте есігінде «директор» деген жазуы бар кабинетке кіріп, төрдегі стол басына жайғасты.

- Аға, отырыңыз, шаруаңызды айтыңыз.

Әділбек әлгінде есіктегі жазуды аңғармай қалса керек. «Директорға жолықсам» деген тілегін тағы да қайталады.

- Директор менмін, - деп күлді шегір көз. - Эдуард Эдуардович Шмидт деген адаммын.

Әділбек қуанып кетті. «Жолым болады екен» деп ойлады, директордың өзі қарсы алып, қауқылдап жатқанын жақсы ырымға жорып.

- Мына қызым Ғайниды оқуға әкеліп едім.

- Ой, аға, емтихан өтіп кетті ғой. Кешіктіңіз. Және бұл жай интернат емес, мұнда музыкалық қабілеті жақсы балалар ғана қабылданады, - деді директор.

- Бауырым, - Әділбек жағдайын түсіндіріп жатыр. - Мен «Прогресс» совхозында шопанмын. Жазда жайлауға бір шыққан соң, етекке түсуіміз қиындап кетеді. Қатынаса алмаймыз. Жағдайымызды ескерсеңіз. - Манадан өзімсініп отырған Әділбек енді «сіз» деп сызыла қалды. - Музыкалық қабілеті бар-жоғын қайдан білейін. Шешесі әнді жақсы айтады. Мен өзім домбыра, гармонь тартамын. Гитара шертетінім де бар. Содан ба, кімнен үйренетінін білмейсің, осы бала небір әндерді айтып, күні бойы ызындап маза бермейді.

Әділбек осыны айтып, директорға барлай қарады. Директордың көзі кішкентай қызда. Қыздың жүзінде жалын, көзінде от бар екен. Директор соны сезді. Сосын орнынан тұрып, пианиноның алдына отырды да, Ғайниды өзіне шақырды. Бірдеңелерді түсіндіріп айтты да, пианиноның тілдерін басып қалды. Кішкентай қара қыз бұрын естіп-көрмеген аспаптың үнін айнытпай қайталап берді. Тағы ойнады, тағы айтты. Қолын шапалақтады, тықылдатты. Не керек, директордың өңі жылып, көзінен қуаныш көрінді.

- Аға, - деді сосын Әділбекке, - мына қызыңыздың қабілеті өте жақсы екен. Келесі жылы емтиханнан қалдырмай алып келіңіз.

- Жоқ, - Әділбек кесіп айтты. - Келесі жылы басқа қызымды әкелем. Бұл онда ауылдан оқи берсін. Кеттік, қызым, - деп орнынан тұрды.

Директор қипақтап:

- Аға, тыңдаңызшы, мына қызыңыз музыка үшін жаралған бала. Міндетті түрде оқыту керек. Келесі жылы ... - дей беріп еді. Әдекең сөзін бөлді.

- Кешір, бауырым. Бір айттым, бітті, - деп кетуге ыңғайланды.

Директор жалынғандай болып, Әділбекті өзгер орнына отырғызып, біреуді бір жаққа жіберді. Сәлден соң кабинетке тапалтақ келген қағылез қазақ жігіті келіп, «Ассалаумағаләйке–е–ем» деп дауысын соза сәлемдесіп, қолын берді.

- Бұл кісі қобыз аспабының маманы Сайлау Әкімжанов деген азамат, - деп таныстырды оны директор. - Сәке, мына баланың қабілеті керемет, музыка үшін жаратылған бала. Келесі жылы әкел десем, әкесі қырсығып отыр. Әкелмеймін дейді. Мұндай қабілетті баланы біз іздеп жүріп таппаймыз. Бұл өзі келіп отыр. Мұны жіберуге болмайды.

- Эдуард Эдуардович, сөзіңізді түсіндім. Онда бұл баланы маған беріңіз. Қобызға алайық.

Шешім осы болды. Әділбектен бұрын директор мен қобызшы қуанып жатыр. Кетерінде Әділбек «келесі жылы тағы бір қызымды әкелем, кешіксек, бір орын қалдырыңдар» - деп, батылдана сөйледі.

- Аға, ол да Ғайнидай болса, айтқаныңызға құлдық, - деп, директор ақкөңілділікке салып, қарқылдап күлді.

Айтқандай-ақ, Әдекен жыл аралатып, бір қызын интернатқа әкеліп отырды. Гүлнар, Клара, Гүлмира деген қыздары бүгінде жоғары білімді музыка мамандары. Алайда, бүгінгі әңгімеміз тек Ғайни Болтаева туралы.

Музыканың әліп-биін алғашқы мұғалімі Сайлау Әкімжановтан үйренген Ғайни, мектепті білікті маман, жақсы ұстаз Әйтен Берікболовтың басшылығымен бітіріп, сол жылы Алматы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясына түседі. Консерваторияда ол Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, профессор Меруерт Қаленбаевадан білім алады. Жастайынан өнерге құштар, қабілетті қыз консерваторияны бітірген соң, Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестріне жұмысқа орналасты. Осы жерде оның өнер көкжиегі кеңейіп, қабілеті ашыла түсті. Халық аспаптар ансамблінің құрамында Австрия, Португалия, Швеция, Кипр, Үнді, Түрік, Қытай елдерінде болып, өнер көрсетіп қайтты.

Буыны бекіп, қанаты қатайған құстың биікке самғайтыны сияқты, Ғайни да өнердегі өз биігіне талпынды. 1983 жылы Құрманғазы атындағы Бірінші Республикалық конкурста қаншама

үміткердің ішінен алға шығып, жеңіске жетті, лауреат атанды. Сол Алматының үлкен залында өзінің жеке концертін берді. Концерттен кейін шынайы құттықтаулар, жылы лебіздер көп айтылды. Сөйтіп, Ғайни өнер әлеміне өзінің нағыз қобызшы екенін мойындатты. Алайда өнер жолының кедір-бұдыры көп қой. Содан 11 жылдан кейін ғана, яғни 1994 жылы оған Қазақстанның еңбек сіңірген артисі деген құрметті атақ берілді. Бір жылдан соң арман аңсап алысқа ұшқан қоңыр қаз өз айдынына қайтып оралған. Қазір Ғайни қаламыздағы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің Тәттімбет атындағы халық аспаптар оркестрінде қобыз тобының концертмейстері боп істейді. Шеберлігінің шындалған, дарынының толысқан шағында. Төлебаев, Чайковский, Венявский, Сарасате, Паганини сияқты өнер жұлдыздарының шығармаларына өресі жетіп, тісі бататын, саф әуенді мөлдіретіп, жүректерді елжіретіп ойнайтын дәрежеде.

Бір қуанарлығы, қоңыр қаздың сары ауыз балапаны Әйгерім де болашағынан үлкен үміт күттіреді. Ол Алматыдағы Күләш Байсейітова атындағы музыка мектебінің 7 класында оқиды. Балғын скрипкашы - әйгілі ұстаз, профессор Н.М.Патрушеваның сүйікті шәкірті. Балғын болса да, Республикалық «Айналайын» фестивалінің лауреаты деген атағы бар. Кішкентай болса да әлем артисі А.Мұсақожаеваның камералық оркестрінің және Караганды симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен үлкен сахнаға шығып жүр екен. Ендеше, қоңыр қазға қанатың талмасын, балапаның биікке самғасын дейік.

(«Орталық Қазақстан» газеті, 18 желтоқсан 1999 ж.)

P.S. Қазір Әйгерім Астанадағы Қазақ ұлттық музыка академиясының 4 курсына, профессор А.Абатованың сыныбында оқиды.

Жаламыздың музыкалық өмірінде ерекше оқиға болды. СОЛ күнгі симфониялық оркестрдің концертіне халық аз жиналған жоқ. Оның себебі де бар еді. Оркестрдің жас дирижері үлкен өнер сапарына аттанар алдында көпшіліктің батасын алуға келген.

Осыдан бұрын жасы жиырмаға енді толған консерватория студенті Венаның музыка академиясына барып бағын сынаған. Бақ сынау оңай ма? Сайысқа түскен 83 талапкердің қатаң сында талайының найзасының ұшы майысып, семсерінің жүзі майырылып, тауы шағылып қайтыпты. Тек шабыты шалқар, дарыны дархан екі жас қана сыннан сүрінбей өткен. Сол екеудің бірі, әрі бірегейі осы - Алан Бөрібаев екен.

Аланның сол концертінің тағы бір ерекшелігі - оның бағдарламасының маңыздылығы. Онда әлемдік музыкада опера жанрында төңкеріс жасаған Р.Вагнер, француз музыкасының 20-сыншы ғасырдағы көрнекті өкілі А.Онеггер, дыбыстар әлеміндегі шымшытырығы мол додекафония тәсілінің негізін қалаушы, Венада 20 жылдан астам еңбек еткен австрия композиторы А.Шенберг шығармаларының болуы жас дирижердің ой-өрісінің деңгейін көрсетсе керек.

Бір қуанарлығы - жас талаптың «соқтықпалы, соқпақсыз» жермен жүріп, өнерде өз ізін, өз соқпағын қалдыруға талпынысы. Я.Коцир, Н.Девчич сияқты көпшілікке аса таныс емес шеберлердің шығармаларын тыңдағанда біз осыны сездік.

Сондай-ақ, Қазақстанның халық артисі Ю.Клушкин мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қ.Ахметовтың орындаған шығармалары тыңдаушысын ләззатқа бөлесе, жас дирижердің шабытына қанат бітіріп, көңіліне сенім ұялатқандай еді. Ағалар қамқорлығы үнемі осындай болса екен.

Қамқорлық демекші, облыстық мәдениет департаменті, концерттік бірлестіктің әкімшілігі және симфониялық оркестрдің бас дирижері Қ.Ахметовтың жас дирижерді қанатының астына алып, оның дирижерлік шеберлігін шыңдауына жағдай жасап отырғанына риза боласың.

Ерекше шабытпен өткен концерттен кейін, «тақыр жерге шөп шықпайды», «бұл қандай топырақтан өнген дән» екен деп сұрастырған едік. Сөйтсек, жас дарын көрнекті ғалым Болат Ахметұлы Жұбановтың немересі (жиені), яғни қазақ музыкасының атасы, академик Ахмет Жұбановтың шөбересі болып шықты. «Алмас кездік қын түбінде жатпайды» деуші еді. Қасиетіңнен айналайын қара шалдың ұрпағы, тұлпардың тұяғы екен ғой.

Туған жерінен арман аңсап аттанғанда, поляктың абзал ұлы жиырма жасар Шопенді Вена халқы «рояльдың королі» деп хан көтеріп алған деседі. Фридериктің өмірін бермей, өнерін берсін саған. Талғампаз Вена халқы сенің де атағыңды аспандатсын, Алан.

Өрге шап! Сұңқардың қиялы жететін жерге шап, тұлпардың тұяғы.

(«Орталық Қазақстан» газеті, 22 қыркүйек 1999 ж.)

Батыстан Жеткен Қуаныш

Ж Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің көп жылдан бері лауреаттар мекеніне айналғаны белгілі. Бірлестік қабырғасында шеберліктерін шындап, дүбірлі додада алға шыққан марқұм И.Исмағамбетов, Астанаға ауысқан А.Нығызбаевты қоспағанда Ғ.Болтаева, Б.Тәшімов, Е.Құжыманов, М.Ибраева, Ж.Кемалов, Е.Оспанханов, Қ.Ғабделов, Б.Смағұлов, Т.Ыдырысов, С.Рақымғалиева, С.Ізтілеуов сияқты жүлдегерлер осы бірлестікте жемісті еңбек етуде.

Енді сол лауреаттар қатарына жаңа есімдер қосылып отыр. Жақында Астанада өткен «Шабыт» фестиваліне қатысқан қобызшы Жанар Қасымова үлкен сыннан сүрінбей өтіп, лауреат атағын олжалап, ұжымға қуаныш әкелді.

Алайда, қуаныштың үлкені Батыстан келді. Бұл тек бірлестік үшін ғана емес, бүкіл қазақ халқы бөркін аспанға атып қуанатын, ат шаптырып той жасайтын мерей болып отыр. Осыдан екі ай бұрын бірлестіктің симфониялық оркестрінің кезекті дирижері, жиырма жасар Алан Бөрібаевтың Еуропадағы өнер

орталықтарының бірі - Вена музыка академиясына 83 үміткердің ішінен екеудің бірі боп дирижерлік мамандыққа қабылданғанын қуана қарсы алған едік.

Жақында сол Алан Хорватияның Загреб қаласында өткен Халықаралық дирижерлер конкурсына қатысты. Жүзден аса үміткерден іріктелген 16 адамнан төртеуі ғана соңғы турға өтеді. Осындай беделді де, маңызды сынақта Алан ат бойы алға шығып, бірінші орынға ие болды. Қаламызда өткен соңғы концертінде Аланның Хорват композиторы Н.Девчичтің «Истар сюитасы» деген шығармасын орындағаны естеріңізде болар. Сол белгілі композитор Натко Девчичтің арнайы жүлдесі де біздің Аланға тапсырылды. Бұл - жас дирижер үшін үлкен жеңіс.

Айта кететін нәрсе, Аланның осындай табысында бірлестік ұжымының да үлесі бар. Облыстық мәдениет департаменті мен концерттік бірлестік басшылығының қолдауымен Алан симфониялық оркестрге дирижер болып орналасты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, оркестрдің бас дирижері Қ.Ахметовтың көмегімен концерттерге шығып, дирижерлік мамандықтың қыры мен сырына қанықты. Оркестр ұжымы да жас дарынның албырт мінезі мен бұла шабытына түсіністікпен қарап, оған дем беріп, демеп отырды. Алан үшін бұл - шеберлік шыңдау мектебі болды.

(«Орталық Қазақстан» газеті, 20 қазан 1999 ж.)

Сырбаз әнші Нұрғали

*Тәттімбет атындағы халық аспаптары
оркестрінің XII концерттік маусымының
жабылуына Қазақстанның халық артисі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
Нұрғали Нүсіпжанов қатысып,
өнер көрсетеді.*

Нұрғали Нүсіпжановты білмейтін, оның сыбызғыдай сызылған әнін естіп, сүйсінбеген адам кемде-кем шығар.

Халқымыздың бір туар ұлы Нұрғалидың әншілік дарыны

талайды тамсандырып, таңдай қақтырғаны көпке аян. Оның дарыны туған жердің әсем табиғатынан дарыған дегенге кім таласа алады. Халқымыз суретіне сүйсініп, жер жаннаты Жетісу деп атаған сұлу өлкенің шөбі - шүйгін, бұлағы - бал, құмы да алтын емес пе? Ұлы ғалым Шоқан қызыға қарап, қия алмай өткен Алтынемел асуы. Нұрғали ағамыз жаз болса жасыл жамылып, тасы да құлпырып кететін осы асудың етегіндегі, сылдыраған бұлаққа, желкілдеген жидекке толы Доланалы деген ауылда дүниеге келіпті. Осындай сұлу өлкеде туып-өскен адамның қалай жүзі жарқын, жаны сұлу болмасын. Жастайынан табиғаттың әдемі көркін тамашалап өскен Нұрғали өмірден де сұлулықты іздеді.

Әдемінің бәрін әнге қосатын халқымыз «Қоғалы-ай, қоңыр салқын малға жай» деп жырлаған Қоғалыда орта мектепті бітірген ол туған ауылына келіп, қолына қойшының таяғын ұстайды. Алакөбеден көкорай шалғында, жасыл жайлауға малын өргізіп, шырылдаған бозторғай әнін естіп, самалына көкірегін ашып, сыңғырлаған бұлағы мен сыбдырлаған құрағына құлағын тосыпты. Содан көңіліне күй қонып, көмейінен ән құйылыпты. Көкжиегі тау сілемдерімен көмкерілген жайлаудың төңкерілген алып қазандай биік аспанын жаңғыртып ән салыпты. Жел де тынып тындапты. Тауда мүлгіп тындапты. Тек күйсандық үніндей сыңғырлаған бұлақ қана тынбапты. Содан былай әнші жігіт атанады. Әнге деген құштарлық оны консерваторияға алып келеді. Дала төсін дүбірлеткен әнші енді үлкен сахна төрінде ән шырқайды. Қошеметке бөленеді. Қазақ радиосында музыка редакциясын басқарып жүріп, әсерлі әндерін әуе толқындарына шығарады. Өнерде өз келбеті айқындалған әншіні халық дауысынан танып, сүйіп тыңдайды. Әнге елітіп, ұйып тыңдайды.

Халықтың сүйіспеншілігіне бөленген әнші Нұрғали енді Құрманғазы атындағы және «Отырар сазы» оркестрлерімен өнер көрсетеді. Қазақ өнерінің көрнекті өкілі ретінде Германия, Швеция, Финляндия, Кипр, Португалия, Греция, Алжир, Түркия сияқты өркениетті елдерде болады. Шет елдердің көргенді көрермендеріне таңдай қақтырып, мағұрып пен мәшүріпке елінде, өзін де танытады. Сөйтіп, шын мәніндегі нағыз халық әншісіне айналады. Өнер сүйер қауым іздеп жүріп оның концертіне барады. Ауыл клубтарында залға симай, иін тірескен халық

түрегеп тұрып, дүрсілдетіп қол соғады. Концерт біткен соң да, «Алма ағаштың гүліндей-ай, текеметтің түріндей-ай» деген Нұрғалидың сырлы сазды дауысы дән риза көрерменнің біреуінің көмейінде бүлкілдеп, екіншісінің құлағында ызындап бара жатады. Халықтың бұлай қалтқысыз мойындауы, әншіге деген шексіз махаббаты елеусіз қалған жоқ. Нұрғали Қазақстан Жастар одағының сыйлығына ие болды. Қазақ жұрты ғана емес, оны көршілес туысқан елдер де жоғары бағалайды. Ол өзбек және қырғыз халықтарының да сүйікті әншісіне айналды. Оған Өзбекстанның өнеріне еңбек сіңірген қызметкер, қырғыз композиторы Абдылас Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлықтың және Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты деген құрметті атақтар берілді.

Содан былай «Жазира» атты ансамбль құрып, жазиралы даласы мен қазыналы өлкесін әнге қосып келеді. Қазақтың ән және әншілік өнерін өркендетуге оның қосқан үлесі ерекше. Асқар таудай ағасы Нұрғисаның, замандастары Шәмші мен Әсеттің әндерін халыққа таратып жүргені бір бөлек әңгіме. Шәмшінің әндерін «Жазира» ансамблінің сүйемелімен Қытайда ұнтаспаға түсіртуі - ерлікпен парапар азаматтық іс. Әсеттің артында қалған 500 әнін жинап, екі том етіп бастыруға бас болғаны - жүрек тебірентетін үлкен адамгершіліктің белгісі.

Бүгінде өмірінің өзегіне айналған, 40 жыл бойы жансерігі болған сырлы сазды әндері, әдемі дауысы мен сыпайы мінезі әлі де сол қалпында. Оның бойына қуат, болашағына бағдар беріп отырған туған халқының махаббаты мен қазақ әнінің құдіреті деп түсінген абзал. Енді сол сырбаз әнші қаламыздың өнер сүйер қауымын жан шуағына бөлеп, әсем әннің шапағатын шашуға келе жатыр.

Сапарыңыз сәтті болсын. Жасай бер, Нұр-аға!

(«Орталық Қазақстан» газеті, 31 мамыр 2000 ж.)

Айдар - Жас дарын

Бліміздің Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен биылғы жыл - Мәдениетті қолдау жылы болып жарияланғаны белгілі. Осыған орай, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестікте өнерлі жастарға қолдау көрсету шаралары жүзеге асырыла бастады.

Соңғы кезде қазақ жастарының арасында өртеңге өскен балаусадай жас дарындар қаулап келе жатқаны қуантады. Нота сауатынан хабары жоқ заманда күйлері симфония жүгін көтере алатын Құрманғазы, Тәттімбет сияқты күйші, әндері классикалық арияларға бергісіз Біржан сал, Ақан сері, Сегіз сері сияқты әнші, композиторлары шыққан халықтың әлемдік музыкамен сусындаған бүгінгі жастарынан дарындылар қауламаса, оларға қамқорлық жасалмаса, өкініші кетпес еді.

Жақында өнер сүйер қауым тағы бір дарынды жаспен танысты. Ол Н.А.Римский-Корсаков атындағы Петербург консерваториясының студенті Айдар Абжақанов еді. Айдар Алматыдағы К.Байсейітова атындағы музыка колледжінде білім алған. Ол ұстазы, белгілі өнер шебері, профессор Нұрлан Измайловтан күйсандық сырын меңгеріп шығады. Содан кейін бір жыл бойы Қазақстанның халық артисі Т.Әбдірашевтен дирижерлік мамандық бойынша сабақ алады. Осындай дайындықтан соң Петербург консерваториясына оқуға түседі. Онда Айдар орыс дирижерлік мектебінің негізін қалаушылардың бірі, Ресей халық артисі, профессор И.А.Мусиннен дәріс алды. Қарт ұстаз, ғұлама өнер шебері жаңа ғасыр табалдырығынан аттауға жарты жыл қалғанда 95 жасында дүние салған екен. Алайда, ұлағатты ұстаздың мектебін, дәстүрін жалғастырушылар Айдарды қамқорлығына алып отыр.

Айдардың табиғи дарынына қарап, оны музыкалық отбасынан шыққан болар деп едім. Олай болмады. Әкесі Кенжетай - инженер, анасы Сәуле - дәрігер, медицина ғылымының кандидаты екен. Алайда, халқымыз «үйдің жақсы болмағы - ағашынан, ұлдың жақсы болмағы - нағашыдан» демей ме? Айдардың нағашы ағасы Асқар Бөрібаев Грециядағы Патра